

2018 жылға арналған пробацция қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Қостанай облысы Денисов ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 5 қыркүйектегі № 180 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 21 қыркүйекте № 7206 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Денисов ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2018 жылға арналған пробацция қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота мөлшері қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Денисов ауданы әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Е. Жаманов

Денисов ауданы әкімдігінің
2017 жылғы 5 қыркүйектегі
№ 180 қаулысына қосымша

2018 жылға арналған пробацция қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота мөлшері

№ р/с	Ұйымның атауы	Кәсіпорындағы жұмыскерлердің тізімдік саны, адам	Квота мөлшері жұмыскерлердің тізімдік санынан пайыздық көрсетілімде	Жұмыс орындарының саны
1	"Сарыағаш" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	462	0,4%	2
2	"ДЕНИСОВСКОЕ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	120	0,8%	1
3	"Просторы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	96	2%	2
4	"Денисов ауданы әкімдігінің және Денисов ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" "Дидар" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	83	1,2%	1
5	"ЛАРИ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	106	1,9%	2
6	"Ольшанское" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	140	1,4%	2

7	"Тобольское-1" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	252	0,7%	2
8	"Енбек 07" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	35	2,8%	1
9	"Фрунзенское" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	252	0,8%	2
10	"Агрофирма "Олимп" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	85	1,2%	1
11	"Крымское" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	311	0,3%	1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК